

«Бекітемін»
«Астана-Теплотранзит» АҚ
басқарма төрағасы
Б.О. Азбаев
2022 жылғы « 10 » 08

**«АСТАНА-ТЕПЛОТРАНЗИТ» АҚ-та
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы, 2022 жыл

1. Жалпы ережелер

Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты сыбайлас жемқорлық сипатындағы жасалуы мүмкін іс-қимылдардың алдын алуға, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау ортасын қалыптастыруға бағытталған.

Осы Саясаттың негізгі мақсаты Қоғам жұмыскерлерінің өз міндеттерін орындаған кезде сыбайлас жемқорлықты болдырмайтын және адалдық пен сатылмайтындық қағидаттарын қамтамасыз ететін құқықтық мәдениетін қалыптастыру болып табылады.

2. Терминдер мен анықтамалар

Қоғамның жұмыскерлері – Қоғамның әкімшілік-басқару персоналы мен инженерлік-техникалық персоналы ішінен Қоғаммен еңбек қатынасындағы кез келген жеке тұлға.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – Қоғамның лауазымды тұлғаларының:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою (сыбайлас жемқорлық профилактикасы) жөніндегі,

- сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру және олардың салдарларын жою (сыбайлас жемқорлықпен күресу) жөніндегі өз өкілеттіктері шегіндегі қызметі;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесін жасауға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған қызмет;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар – сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған Қоғам қызметіне белгіленген ұсынымдардың жүйесі;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – Қоғамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу бойынша қызметі;

Мүдделер қақтығысы – лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамауына алып келуі мүмкін;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы Қоғамның сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы міндеттер

3.1. Саясатта келесі міндеттерді шешу қарастырылады:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында бірыңғай саясат жүргізу;

- Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділік түсінігін қалыптастыру;

- Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерін, сондай-ақ үшінші тұлғаларды сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту тәуекелін барынша азайту;

- осы Саясатқа 1-қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің салдарын бойынша барынша азайтуға және жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу және енгізу;

- Қоғам жұмыскерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қызметін регламенттейтін ішкі нормативтік құжаттарды қатаң сақтауға тәрбиелеу;

- Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарында сыбайлас жемқорлық факторларының болуына жол бермеу;

- жұмыстарды орындау және қызметтер көрсету кезінде ашықтықты, адал бәсекелестікті және объективтілікті қамтамасыз ету.

3.2. Атқаратын лауазымына, атқаратын функцияларына және олардың жұмыс мерзіміне қарамастан, Ереже Қоғам жұмыскерлеріне қолданылатын жалпыға міндетті нормалар мен қағидаларды қамтиды.

4. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар

Сыбайлас жемқорлық тәуекелінің туындауы мүмкін Қоғам қызметінің бағыттары.

1) сыйлықтар және өкілдік шығыстар;

2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерінде үшінші тұлғаларды тарту;

3) жауапты мемлекеттік лауазымға ие тұлғаларға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті тұлғаларға, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғаларға төлемдер;

4) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;

5) мәміле жасасу, Қоғам қызметі шегінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу;

6) персоналды басқару;

7) ішкі құжаттардың қаржылық және заңды сараптамасы.

4.1. Сыйлықтар және өкілдік шығыстар.

4.1.1. Қоғам іскерлік сыйлықтарды өзара алмастыруды және өкілдік шығыстарды жүзеге асыруды, оның ішінде бизнес және жалпыға ортақ іскерлік тәжірибе жүргізудің қажетті бөлігі ретінде іскерлік қонақжайлылықты қолдайды. Қоғам іскерлік сыйлықтар мен іскерлік қонақжайлылық шығыстарына қатысты адалдық пен айқындылықты көтермелейді.

4.1.2. Қоғам жұмыскерлеріне осындай іс-әрекеттер/сыйлықтар:

- Қоғам қызметін сақтауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға әсер ететін шешімдерді қабылдауға немесе осы іс-әрекетсіз қолайлы салдардың болуы екіталай қандай да бір артықшылықтар немесе пайда алуға іріктеп әсер етудің тікелей немесе жанама мақсаты болған,

- Қоғам атынан емес, жұмыскер атынан ұсынылған;

- сыйлықтар немесе өкілдік шығыстар немесе қонақжайлылық туралы ақпарат жарияланған жағдайда Қоғам және оның жұмыскерлері үшін атақ-беделге немесе өзге де қауіп тудырған;

- қолма-қол және қолма-қолсыз ақшалай қаражат, бағалы қағаздар, асыл металдар болған немесе ақшалай қаражаттың басқа түрі немесе эквиваленті және/немесе байлық заты болған;

- зат, құны және нақты бір жағдай тұрғысынан ақылға қонымды түрде негізделген болмаған жағдайда кез келген сыйлықтар/ іскерлік қонақжайлылық белгілері/ өкілдік шығыстар ұсынуға, уәде етуге, сыйлауға, әкелуге, талап етуге, сұрауға, қабылдауға тыйым салынады.

4.1.3. Қоғам жүзеге асыратын сатып алудың кез келген әлеуетті қатысушысынан сыйлықтар мен қонақжайлылық белгілерін қабылдауға тыйым салынады. Іскерлік сыйлықтың немесе іс-шараның осы Саясат талаптарына сәйкестігі күмән тудырған кезде, Қоғамның лауазымды тұлғасы немесе жұмыскері тікелей басшыдан немесе Қоғамның қауіпсіздік бөлімшесінің басшысынан кеңес алуы керек.

4.2. *Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелеріне үшінші тұлғаларды тарту*

4.2.1. Қоғам Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы Саясаттың принциптері мен талаптарын бұзатын немесе Қоғам үшін іскерлік беделін жоғалту қаупін тудыратын серіктестермен бірлескен кәсіпорындарға қатысудан және үшінші тұлғаларды тартудан қалыс қалады. Үшінші тұлғалармен іскерлік ынтымақтастықты бастау немесе жалғастыру немесе бірлескен жобаларға қатысу туралы шешім қабылдау алдында үшінші тұлғаларды тартуға бастамашылдық жасаған Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшесі мыналар бойынша келесі шараларды қабылдауы тиіс:

- Қоғам қызметінің бағытын реттейтін ішкі нормативтік құжаттарда белгіленген рәсімдерді қатаң сақтау бойынша;

- келесі рәсімдерді жүргізе отырып, сыбайлас жемқорлықтың көріністері туралы бірлескен жобалар бойынша жалпыға қолжетімді ақпарат жинау бойынша:

а) меншікті сыбайлас жемқорлық саясаты және рәсімдерінің болуы туралы мәліметтерді алу, серіктестің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзара ынтымақтасатықты жүзеге асыруға дайындығы;

б) іскерлік беделді және мүдделер қақтығысының болмауын тексеру;

в) жалған кәсіпкерлік, сенімділік, салық және өзге берешектің болуы

4.2.2. Қоғам бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалар немесе серіктестер тарапынан сыбайлас жемқорлық белгілерін анықтаған жағдайда олармен жасалған мәмілелерді бұзуға құқылы.

4.2.3. Бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалар мен серіктестерді осы Саясаттың принциптері мен талаптары туралы хабардар етеді.

4.2.4. Қоғам бірлескен жобалар бойынша үшінші тұлғалар мен серіктестердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдерді, сондай-ақ мінез-құлық стандарттарын қабылдауын қолдайды.

4.3. Жауапты мемлекеттік лауазымға ие тұлғаларға, мелекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті тұлғаларға, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғаларға төлемдер

4.3.1. Қоғам өз бетінше және өзінің жұмыскерлері мен лауазымды тұлғалары арқылы Қоғам үшін коммерциялық артықшылық алу мақсатында жауапты мемлекеттік лауазымға ие тұлғалар, мелекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілетті тұлғалар, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалар, оның ішінде олардың жақын туыстары үшін кез келген шығыстарды, оның ішінде көлік, тұру, тамақтану, ойын-сауық, PR науқаны және т.б. шығыстарын төлеуді немесе Қоғам есебінен өзге де пайда алуды жүзеге асырмайды.

4.3.2. Қоғам жұмыскерлері мен лауазымды тұлғаларына мемлекеттік қызметшілермен өзара ынтымақтасу кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес өз бетінше жауапкершілік артылады.

4.4. Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету.

4.4.1. Қоғам мемлекет өкілдерінің, ұйымдардың немесе өзге тұлғалардың оның қызметін сақтауға, кеңейтуге немесе оңтайландыруға әсер ететін шешім қабылдауына әсер етудің тікелей немесе жанама мақсатында немесе егер осындай көмек осындай әсер ету талпынысы ретінде қабылдануы мүмкін болса, қайырымдылық, демеушілік және қаржылық көмек көрсетпейді.

Қоғамның қайырымдылық және демеушілік көмек көрсету шығыстары туралы ақпарат айқын болуы тиіс.

4.4.2. Қоғам лауазымды тұлғалардың және жұмыскерлердің өз атынан қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек көрсетуіне тыйым салмайды.

4.5. Мәміле жасасу, Қоғам қызметі шегінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алуды өткізу.

4.5.1. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жоспарлау және өткізу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы ғана басшылыққа алынады.

4.5.2. Сатып алуға жұмсалатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін бірдей мүмкіндік беру, сатып алу үдерісінің ашықтығы және айқындылығын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлық белгілеріне қол бермеу, атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген өнім берушілер және (немесе) ол жұмысқа тартқан қосалқы мердігерлер (қосалқы орындаушылар) ретінде қатысуға жол бермеу.

4.6. Персоналды басқару

4.6.1. Қоғам кадрлық шешімдерді қабылдау кезінде объективтілік пен адалдық принциптерін қолдайды. Жұмыскерлерін жұмысқа қабылдау, бағалау, қозғалысы және жұмыстан босатылуы кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мақсатында Қоғам:

- персоналды іріктеу және жалдаудың айқын рәсімдерін және лауазымға қойылатын тиісті талаптарды әзірлейді және белгіленген тәртіпте бекітеді;

- жұмысқа орналасуға кандидаттарды еңбек қатынастарының басталуы немесе жалғасуы туралы шешім қабылдау алдында сенімділігі мен мүдделер қақтығысының болмауына тексереді;

- өз қызметінің негізгі көрсеткіштері мен кәсіби жетістіктерінің нәтижелігінен персоналға қызметіне баға береді және сыйақы төлейді;

- жұмыскердің іскерлік дағдылары мен біліктілігін негізге ала отырып, жоғары тұрған лауазымға жылжыту туралы шешім қабылдайды;

- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша жұмыскермен еңбек қатынасын бұзу рәсімдерін жүзеге асырады.

4.6.2. Лауазымды тұлғалар лауазымға тағайындалған немесе Қоғаммен еңбек қатынастарын жалғастырған кезде осы Саясаттың 2-қосымшасына сәйкес сыбайлас жемқорлық шектеулерін қабылдауға келісім нысаны бойынша сыбайлас жемқорлық шектеулерін өзіне қабылдайды.

4.6.3. Қоғамның лауазымдық тұлғаларының сыбайлас жемқорлық шектеулерін қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тарту немесе лауазымнан босатуға алып келеді, оларды сақтамауы қылмыстық жазалау шараларының белгілері болмаған жағдайда өкілдікті тоқтату үшін негіз болып табылады.

4.7. Ішкі құжаттардың қаржылық және заңды сараптамасы.

4.7.1. Қоғамның ішкі құжаттарында, оның ішінде бекітуге шығарылатын ішкі нормативтік құжаттар жобаларында сыбайлас жемқорлық (сыбайлас жемқорлық факторлары) пайда болуы үшін себептер мен шарттардың туындауына негіз болатын ережелердің болуына оларға қаржылық және заңды сараптама жүргізу және оларды жоюға бағытталған ұсынымдарды өңдеу.

5. Мүдделер қақтығысының алдын алу және реттеу тәртібі

5.1. Қоғамның лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлері:

- мүдделер қақтығысымен және оларды реттеумен байланысты тәуекелдердің іске асуын болдырмау бойынша шара қабылдауға;

- өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде Қоғам мүдделерін басшылыққа алуға және өзінің жеке мүдделері Қоғам мүдделеріне сәйкес келмейтін жағдайлар мен жағдаяттардан аулақ болуға міндетті. Мүдделер қақтығысы (немесе оның пайда болу мүмкіндіктері) туындаған жағдайда осы ақпаратты тікелей басшының немесе Қоғамның жоғары тұрған басшылығының назарына жеткізуге міндетті.

5.2. Мүдделер қақтығысының алдын алу немесе реттеу мүдделер қақтығысының тарапы болып табылатын Қоғам жұмыскерінің лауазымдық немесе қызмет бабын өзгерту, тіпті оны белгіленген тәртіппен қызметтік міндеттерді орындаудан шеттету және (немесе) оның мүдделер қақтығысының туындауына себеп болған пайдадан бас тартуы болуы мүмкін.

6. Сыбайлас жемқорлық сипатындағы іс-қимыл жасау туралы хабарлама

6.1. Егер Қоғамда лауазымды тұлға немесе жұмыскер жасалатын сыбайлас жемқорлық іс-қимылы орын алғаны туралы қандай да бір айғақ болса, өзінің

тікелей басшысына немесе жоғары тұрған басшыға және комплаенс-офицерге тез арада хабарлау керек.

6.2. Қоғам жұмыскерлері басқа жұмыскердің, сондай-ақ үшінші тұлғаның сыбайлас жемқорлық іс-қимылын жасауға бейімділік фактілері туындаған жағдайда және (немесе) жұмыскердің сыбайлас жемқорлық іс-қимылын жасауға бейімділігіне қатысты белгілі фактілер немесе күмәндар туралы ақпаратқа ие болса, тікелей басшысына немесе жоғары тұрған басшыға және комплаенс-офицерге тез арада хабарлауы керек.

7. *Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды қызметтік тергеп-тексеру*

7.1. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша тексеріс немесе Қоғамның тиісті құрылымдық бөлімшелерінің қатысуымен қызметтік тергеп-тексеру жүргізіледі.

7.2. Егер қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық фактісі анықталса, тергеп-тексерудің аяқталуы сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісінде нөлдік төзімділік принципін негізге ала отырып, тіпті еңбек қатынастарын бұзуға және материалдарды тиісті уәкілетті мемлекеттік органдарға беруге дейін түзетуші шаралар қабылдау болып саналады.

8. *Жауапкершілік*

8.1. Қоғамның жұмыскерлері осы Саясаттың талаптарын мүлтіксіз орындауға жауапты.

8.2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзышылық жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған Қоғамның лауазымды тұлғалары және жұмыскерлері Қоғамға материалдық залалдың орнын толтырудан босатылмайды, басқаша Қазақстан Республикасы сотының заңды күшіне енген шешімі бойынша.

8.3. Саясат талаптарының бұзылуы Қоғам жұмыскерінің мәртебесімен үйлеспейтін іс-қимыл ретінде қарастырылуы және тәртіптік жаза қолдануға негіз болуы мүмкін.

8.4. Саясат талаптарының бұзылуы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзғаны үшін көзделген жауапкершілік шараларын қолдануға алып келуі мүмкін.

8.5. Қоғам жұмыскерлері осы Саясаттың 3-қосымшасына сәйкес нысанда өзінің осы Саясатты адал қолдану міндеттемесін растауға міндетті.

9. *Қорытынды ережелер*

9.1. Осы Саясаттың қолданысқа енгізілу мерзімі Қоғамның басшысы Ережені бекіткен күні болып саналады.

9.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына, сондай-ақ Қоғамның ІНҚ өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда осы Саясат өзгертілуге жатады. Осы ережеге өзгерістер мен толықтыруларды Қоғам басшысы бекітеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына
№ 1 қосымша

«Астана-Теплотранзит» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және қоғамдық қарым-қатынастардың ерекше саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі агенттік бекіткен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт әкімшілік-басқару персоналы және инженерлік-техникалық персонал санынан «Астана-Теплотранзит» АҚ жұмыскерлерінің (бұдан әрі – Қоғам) белгіленген қағидаларды мүлтіксіз сақтау және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған іс-қимылдары мен шешімдерін анықтайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты:

- сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге, құқықтық сауаттылық пен сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыруға бағытталған ұсынымдар жүйелерін орнату.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

- жұмыскердің тұрақты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;

- сыбайлас жемқорлық көріністерін уақтылы анықталуы және олардың теріс салдарының алдын алу;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану:

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру және міндеттерді орындау кезінде Қоғам қызметінде қолданылады;

- Қоғамның барлық жұмыскерлерінің орындалуына міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты тиісті түрде орындамағаны үшін Қоғам жұмыскерлеріне дербес жауапкершілік артылады.

1. Жұмыскерлер және лауазымды тұлғалар өз қызметінде:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық іс-қимылды ашуға белсенді қатысуға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға дербес жауапкершілік артуға;

- жеке тұлғалармен, заңды тұлғалар өкілдерімен және әріптестермен қарым-қатынас жасауда адал, әділ, қарапайым болуға, көпшілік мақұлдаған моральдық-әдептілік нормаларын сақтау, сыпайылық және биязылық танытуға;

- жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын қабылданған шешімінің айқындылығын қамтамасыз етуге;

- өз әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан сынға ұшырауға, сынның артына түспеуге жол бермеуге, өз әрекетінің кемшіліктерін жою және жақсарту үшін конструктивтік сынды қолдануға;

- әріптестерінен жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдауға және талап етуге;

- заңнамаға сәйкес келмейтін және табыс алумен байланысты кәсіпкерлік және өзге қызметті жүзеге асыруға әлдекімге көмек көрсетуге Қоғам мүдделеріне қарсы бағытталған іс-қимыл жасаудан бас тартуға;

- жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруды қиындататын іс-әрекетке (әрекетсіздікке) жол бермеуге;

- басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға итермелемеуге;

- заңды және жеке тұлғалардан ақшалай қаражат, қызметтер, сыйлықтар, тауарларды қосқанда, өз қызметтері мен лауазымдық міндеттерін орындағаны үшін сыйақы алмауға;

- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе өндіріп алу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге ақпаратты қолданбауға;

- «Ақпаратқа қолжетімділік туралы» Заңда ұсынылуы көзделген жеке және заңды тұлғаларға ақпаратты ұсынудан бас тартпауға;

- қызметке сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;

- қызмет бабын асыра қолдануға, негізсіз бюрократизм көріністеріне, сондай-ақ дәрежелілік пен теріс түсінік болуына жол бермеуге;

- Қоғам құзыретіне жататын мәселелер бойынша өтініш берген тұлғалардың ар-намысын қадірлеуге;

- жеке істер және т.б. сипаттағы мәселелерді шешу кезінде ұйымның, Қоғам жұмыскерлерінің және өзге тұлғалардың қызметіне әсер ету үшін қызмет бабын қолданбауға;

- заңдылық қағидаттарын басшылыққа алуға, Қазақстан Республикасы Конституциясының және Қазақстан Республикасының өзге нормативтік құқықтық актілерінің талаптарын сақтауға міндетті.

2. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге шешімдерді қабылдауға дайындау кезінде:

- өзінің лауазымдық өкілеттіктеріне сәйкес қызмет атқару;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға, сыбайлас жемқорлық іс-қимылды ашуға белсенді қатысу;

- сыбайлас жемқорлықтың мәлім болған фактілер туралы, сондай-ақ материалдарды жылдамырақ қарастыру үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу және әуре-сарсаң туралы басшылыққа тез арада хабарлау;

- әріптестерге, басшыларға және өзге лауазымды тұлғаларға сыйлық сыйламау және мүліктік пайда алу, игілік немесе артықшылық үшін қызметтік емес қызмет көрсетпеу;

- мүдделер қақтығысының туындауы, қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке мүдделілік, сыбайлас жемқорлық әрекетіне және сыйлық алуға итермелеу туралы тікелей басшыға баяндау;

- жеке және заңды тұлғаларға басымдылық көрсетпеу, лауазымдық міндеттерін орындау кезінде олардың әсерінен тәуелді болу;

- орындауға алған тапсырманың заңдылығына күмәндану туралы тікелей басшыға тез арада жазбаша нысанда хабарлау;
- жасалған немесе жасалатын сыбайлас жемқорлық іс-қимылы туралы басшылыққа тез арада хабарлау;
- бағынышты жұмыскерлердің міндеттерін және өкілеттіктерінің көлемін нақты және айқын анықтау;
- мүдделер қақтығысына жол бермеу, оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жою шараларын қолдану;
- тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысты болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну;
- бағыныштағы жұмыскерлер арасында еңбек жүктемелері біркелкі бөлінбеуіне жол бермеу;
- олардың қызметін бағалау кезінде әділеттілік пен объективтілік таныту, сондай-ақ көтермелеу және жаза қолдану шараларын қолдану;
- қызметтік емес сипаттағы мәселелерді шешу кезінде бағыныштағы жұмыскерлердің қызметіне әсер ету үшін қызмет бабын қолданбау;
- олардың қызметін бағалау кезінде әділеттілік пен объективтілік таныту, сондай-ақ көтермелеу және жаза қолдану шараларын қолдану.

3. Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының жобаларын дайындау кезінде:

- ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу барысында азаматтардың заңда белгіленген құқықтары мен бостандықтарын ескеру;
- әзірленетін ішкі нормативтік құжаттар нормативтік-құқықтық актілерге карама-қайшы болмауы тиіс;
- ішкі нормативтік құжаттардың жобаларын әзірлеу барысында Қоғамның және өзге де заңды тұлғалардың заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу;
- ішкі нормативтік құжаттардың жобалары Қоғам құзыретінің шегінен шықпауы тиіс;
- басқа құрылымдық бөлімшелердің мүдделерін қозғайтын әзірленген ішкі нормативтік құжаттардың жобалары тиісті құрылымдық бөлімшелермен талқылау және келісу рәсімінен өтуі тиіс;
- ішкі нормативтік құжаттарда сыбайлас жемқорлық факторларын немесе олардың белгілерін қамтитын нормалар қолданылмауы тиіс;
- ішкі нормативтік құжаттарды әзірлеу кезінде жекелеген жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мүддесіндегі нормаларды қабылдауға жол бермеу.

4. Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алумен байланысты сатып алуды жүзеге асыру кезінде лауазымды тұлғаларға:

- сатып алуға жұмсалатын ақшалай қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау;
- әлеуетті өнім берушілерге «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларды қоспағанда, сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін бірдей мүмкіндік беру;
- сатып алу үдерісінің ашықтығы және айқындылығын қамтамасыз ету;

- сыбайлас жемқорлық белгілеріне қол бермеу;
- атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және Борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген өнім берушілер және (немесе) ол жұмысқа тартқан қосалқы мердігерлер (қосалқы орындаушылар) ретінде қатысуға жол бермеу ұсынылады.

5. Қоғам қызметі саласында туныдайтын өзге өзара қарым-қатынас кезінде:

- сауалдарды қабылдауда негізсіз бас тартуға, оларды қарастыру кезінде әуре-сарсаңға және шынайы емес мәліметтерді ұсыну фактілеріне жол бермеу;
 - жеке мүлікті және мүліктік емес пайда алу үшін өзінің лауазымдық өкілеттіктерін және олармен байланысты мүмкіндіктерін қолданбау;
 - дәрекілік, адам ар-намысын таптау, тәртіпсіздік, теріс мінез-құлық фактілеріне жол бермеу;
 - туыстық, жерлестік және жеке басына берілгендік белгілері бойынша кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларына жол бермеу, меритократия қағидаттарын сақтауды қамтамасыз ету;
 - орындалмауы айқын немесе олардың лауазымдық міндеттерінен тыс, сондай-ақ заңнамаға қайшы келетін өкімдер бермеу;
 - Қоғам жұмыскерлерімен немесе оларға тәуелді тұлғалармен ақшалай немесе өзге мүлікті сипаттағы құмар ойындарына қатыспау;
 - іскерлік этика кодексін сақтау;
 - өзіне мәлім болған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы тез арада Қоғам басшысының және (немесе) құқық қорғау органдарының назарына жеткізу;
 - Қазақстан Республикасының заңында тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілік және т.б. көзделген теріс қылық және өзге құқық бұзушылық жасауға жол бермеу;
 - Қоғам жұмыскерлерін қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындауға тартуға жол бермеу;
 - азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін сақтау және қорғауды қамтамасыз ету, олардың өтініштерін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіп пен мерзімде қарастыру және олар бойынша қажетті шаралар қабылдау;
 - басшылардың тапсырмаларын, Қоғамның лауазымды тұлғаларының лауазымдық өкілеттіктері шегінде шығарылған бұйрықтар мен өкімдерді орындау;
 - Қоғам жұмыскерінің жеке өмірін, ар-намысы мен қадір-қасиетін қозғайтын мәліметтерді жарияламау;
 - Қазақстан Республикасы заңдарында белгіленген шектеулерді сақтау.
- Қоғам жұмыскерлерінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты сақтауын бақылау Қоғамның тиісті құрылыдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім

Мен, _____,
(тегі, аты, әкесінің аты)

_____ ,
(лауазымын көрсету)

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, «Астана-Теплотранзит» АҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың талаптарын сақтау, менің өкілеттігімді жеке, топтық және өзге қызметтік емес мүдделерде қолдануға алып келуі мүмкін іс-қимылдардың жасалуына жол бермеу мақсатында мыналар бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді өз міндетіме қабылдаймын:

1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстар (ата-аналар (ата-ана), балалар, асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек ағалы-інілер мен апалы-сіңлілер (аға-қарындастар), ата, әже, немерелер); жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының (жұбайының (зайыбының) аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары және балалары) бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу немесе егер, бөлімшелер басқа болса – лауазым олардың жақын туыстары атқаратын лауазымдарға функциялық тұрғыда (бизнес үдеріспен) байланысты;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдық өкілеттілікті қолданымен байланысты сыйлықтарды қабылдау;

Толтырылған және қол қойылған растау нысаны Қоғамда лауазымдық міндеттерін орындау күнінен бастап лауазымды тұлғаның жеке ісінде сақталады.

_____ қолы, Т.А.Ә., лауазымы

Растау қағазы

(Туісті ұяшықты белгілеңіз)

Мен «Астана-Теплотранзит» АҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты оқып білгенімді растаймын;

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында, «Астана-Теплотранзит» АҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатта белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, «Астана-Теплотранзит» АҚ-та сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты бұзған жағдайда мені жауапкершілікке тартуы мүмкін екендігі, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте атқаратын лауазымынан босатылатыным туралы хабардармын.

Толтырылған және қол қойылған растау қағазының нысаны Қоғамда еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерді орындау кезінен бастап жұмыскердің жеке ісінде сақталады.

_____ қолы, Т.А.Ә., лауазымы